

## Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанынан Қорғаныс өнеркәсібі жөнінде комитет құру туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 7 қазан 1994 ж. N 1879. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 78-бабының 1-бөлімінің 3-тармағы негізінде қорғаныс өнеркәсібі кәсіпорындарының, арнаулы бағыттағы объектілердің және әртүрлі меншік нысанындағы шаруашылық жүргізуші субъектілердің Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің мұқтажын қанағаттандыру үшін арнайы өнімдер шығару жөніндегі жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанынан Қорғаныс өнеркәсібі жөнінде комитет құрылсын.

Комитет қорғаныс өнеркәсібі кәсіпорындарының, арнаулы бағыттағы объектілердің және әртүрлі меншік нысанындағы шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметін мемлекеттік реттеу, салааралық үйлестіру қызметін қамтамасыз ету жөніндегі үкіметтік орган болып белгіленсін.

Комитет шешімдері өз құзыры шегінде республиканың тиісті мемлекеттік және жергілікті басқару органдары үшін міндетті болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитеттің негізгі міндеттері болып мыналар белгіленсін:

қорғаныстық және екі рет қолданылатын өнімдерді дайындау мен өндіру саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру, қорғаныс өнеркәсібі құрылымдарын қайта бағыттау және дамыту бағдарламаларын жасау, қорғаныс кәсіпорындарын конверсиялау және қару-жарақты, әскери техниканы, арнаулы материалдарды, жабдық заттарын экспорттық-импорттық тасымалдау;

жұмылдырушы қуаттар құру және сақтау жөніндегі жоспарлар мен тапсырмаларды, қажетті жұмылдырушы резервтерді молықтыру, сондай-ақ қорғаныс өнеркәсібі кәсіпорындары мен ұйымдарын ерекше кезеңдерде тұрақты жұмыспен қамтамасыз ету мақсатында азаматтық қорғаныс пен жұмылдыруды дайындау жөніндегі басқа да жұмыстар орындауды ұйымдастыру;

шетелдік ведомстволармен, компаниялармен және кәсіпорындармен әскери-техникалық ынтымақтастық жөнінде ғылыми-техникалық, өндірістік, кооперациялық және сыртқы экономикалық байланыстар орнату;

қару-жарақ, әскери-техника, оқ-дәрі және екі рет қолданылатын өнімдер

дайындау мен өндіру саласындағы барлық меншік нысанындағы кәсіпорындардың қызметін лицензиялау.

3. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті:

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитет аппаратының санын, қаржылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету және комитеттің жұмысында құпиялық режимді сақтау қажеттігін ескере отырып оны орналастыру мәселелерін шешсін;

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитеттің қарамағына тиісті саладағы жекелеген кәсіпорындар мен ұйымдарды беру арқылы оның құрылымын және Ережесін б е к і т с і н .

4. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының әскери-өнеркәсіп кешенін басқаруды және ұйымдастыруды ретке келтіру туралы" 1994 жылғы 11 қаңтардағы N 1500 Жарлығының күші жойылған деп танылсын.

5. Осы Жарлық жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*